



Қаржы мониторингі органдарының қызметкерлері қолданатын арнайы және көлік құралдарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 29 тамыздағы № 286-НҚ бұйрығы

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, азаматтық қорғау органдарының қызметкерлерін және әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметі саласында артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2025 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің, оның аумақтық органдарының және мамандандырылған мемлекеттік мекемесінің арнайы және көлік құралдарының тізбесі бекітілсін..

2. Агенттіктің Әкімшілік департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттігі аппаратының басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 286-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Қаржы мониторингі жөніндегі органдардың қызметкерлері қолданатын көлік құралдарының тізбесі

--	--	--	--

р/т №	Арнайы көлік құралдарын пайдалануға құқығы бар құрылымдық бөлімшенің атауы	Арнайы көлік құралдарының атауы		1 а/м жүру лимиті айына (км)
		Ж е ң і л автомобильдер базасында	ж ү к автомобильдерінің және жолаушылар автобустарының шассилерінде	
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі	24	6	2600
2	Саны 50 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	6	1	2600
3	Саны 50-ден 60 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	7	1	2600
4	Саны 60-тан 80 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	8	1	2600
5	Саны 80-нен 83 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	9	1	2600

6	Саны 83-ден 90 штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	10	2	2600
7	Саны 90-нан және одан жоғары штаттық бірлікке дейін облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменттері	12	2	2600
8	Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Кинологиялық орталығы	2	1	2600

Ескертпе:

* жеңіл, жүк автомобильдерінің және жолаушылар автобустары мен шағын автобустардың шассиіндегі қозғалтқыш көлемі автомобиль моделіне байланысты.

Қаржы мониторингі жөніндегі органдар қызметкерлері қолданатын арнайы құралдар тізбесі

№ п/п	Атауы	қолданылу саласы
1	Резина таяқтар	Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің орталық аппараты (бұдан әрі - ОА), облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Экономикалық тергеу департаменттері (бұдан әрі - ЭТД)
2	Қол кісендер	
3	Каски, "Тұмар" бронешлемдері	
4	Дене үшін қорғаныстың 1-5 деңгейіндегі желлеттер	
5	Сокқыға қарсы қалқандар	